Қор корпоративтік басқаруды Қор қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілікті және есеп беруді қамтамасыз ету, оның беделін нығайту құралы ретінде қарайды.

Қор тиісті корпоративтік басқару жүйесін Қазақстан Республикасында заңнаманың үстемдігін қамтамасыз етудегі өзінің үлесі және қазіргі экономикадағы және жалпы қоғамдағы алатын орнын айқындайтын фактор деп біледі. Корпоративтік басқару жүйесі Қордың органдары, лауазымдық адамдардың және қызметкерлерінің арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің айқын бөлінуін көздейді

Қордың корпоративтік басқаруы әділдік, адалдық, жауапкершілік, айқындылық, кәсіпқойлық және біліктілік негіздерінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Қор қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді болжайды және Қордың табысты қызметіне, оның ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға ықпал етеді.

Қордың Корпоративтік басқару кодексінің түбегейлі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;
- 2) акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- 3) Директорлар кеңесінің және Басқарманың Қорды тиімді басқаруы қағидаты;
- 4) орнықты даму қағидаты;
- 5) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты;
- 6) корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қайшылығын реттеу қағидаты;
- 7) Қор қызметі туралы ақпараттың айқындылығы мен оны ашу объективтілігі қағидаты.

Қорды корпоративтік басқарудың құрылымы Қордың органдары арасында міндеттер анық бөлінген, корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен реттілігі қамтамасыз етілген.

Корпоративтік басқару қағидаттары Қор қызметіне объективті талдау жүргізудің тиімді тәсілін құруға және қажет болған кезде талдаушылардан, қаржылық консультанттардан және рейтинг агенттіктерінен тиісті ұсынымдар алуға жәрдемдесуге арналған.

#### **Корпоративтік басқарудың құрылымы**

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың Жарғысына сәйкес ұйымдық құрылымы Қордың мынадай органдарынан тұрады:

- Жоғары орган: Жалғыз акционер – ҚР Ұлттық Банкі;



- Басқару органы: Директорлар кеңесі, ол Қордың қызметіне жалпы басшылық етеді және Басқарманың қызметіне бақылауды жүзеге асырады;
- Атқарушы орган: Басқарма, ол Басқарма Төрағасының басқаруымен Қордың ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады;
- Ішкі аудит қызметі, ол Қордың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырады.

### **Қордың айқындылығы (транспаренттілігі) және ақпарат ашу процестерінің тиімділігі**

Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты уақтылы және дәйекті ашады.

Қор «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Жарғыға және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының ақпаратты ашу қағидаларын бекітті, онда Қор туралы ақпаратты ашудың негізгі мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, тәртібі, нысандары және ашу көздері, сондай-ақ мүдделі тұлғаларға ашылуы тиіс ақпараттың тізбесі айқындалады.

## **5.2. 2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ**

Қордың Директорлар кеңесінің сандық және дербес құрамы, сондай-ақ оның өкілеттіктерінің мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауға тиіс. Қордың Директорлар кеңесінің құрамынан кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Директорлар кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарлығында белгіленеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

- 1) Жалғыз акционердің мүдделерін білдіретін өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған адамдар;
- 2) Қордың Жалғыз акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционердің мүдделерін білдіретін өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалар.

Тәуелсіз директор болып Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәуелсіздік өлшемшарттарына сәйкес келетін адам сайлана алады.

Тәуелсіз директордың үшінші тұлғалармен, оның ішінде Қоғамның бәсекелестерімен және олармен үлестес тұлғалармен ешқандай қарым-қатынастары болмауға тиіс, егер осындай қарым-қатынастар Қордың және оның Жалғыз акционерінің имиджіне немесе заңды мүдделеріне қасақана тікелей немесе жанама зиян келтірсе.

Жалғыз акционердің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 2 шешіміне сәйкес Қордың Директорлар кеңесінің құрамы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 3 (үш) мүшеден тұрды:

- 1) **Кизатов Олжас Толегенович** (1977 жылы туылған).

2017 жылғы қыркүйектен бастап Қордың Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің өкілі ретінде сайланды, 2017 жылғы қазаннан бастап Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады. Директорлар кеңесінің құрамына сайланғанға дейін ҚР Ұлттық Банкінде, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-та, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінде, «Ұлттық Талдама орталығы» АҚ-та әртүрлік қызметтерді атқарды.

- 2) **Мусиралиев Даурен Абубакирович** (1977 жылы туылған).

2017 жылғы қыркүйектен бастап Қордың Директорлар кеңесінің құрамына сайланды. Басқарманың және Директорлар кеңесінің құрамына сайланғанға дейін «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-та, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-та, «МЖЗҚ Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-та, «Қазақинстрах» шетелдік сақтандыру жөніндегі компания» АҚ-та, «Казкоммерц-Полис» сақтандыру компаниясы» АҚ-та, ҚР Ұлттық Банкінде әртүрлі қызметтер атқарды.

### **3) Мусаева Кульбану Серикхажиевна (1970 жылы туылған)**

2017 жылғы қыркүйектен бастап Қордың Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директор ретінде сайланды. 2018 жылғы қазаннан бастап Директорлар кеңесінің Аудиторлық комитетінің және Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы төлеу, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитетінің Төрағасы болды. Директорлар кеңесінің құрамына сайланғанға дейін «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-та, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-та әртүрлі қызметтерді атқарды.

### **Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу**

Қор Директорлар кеңесінің мүшесі-тәуелсіз директорларға сыйақы төлейді. Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төленбейді.

Сыйақы Жалғыз акционердің шешімімен айқындалатын мөлшерде төленеді.

Директорлар кеңесінің мүшесі-тәуелсіз директорларға сыйақы және өтемақы төлеу талаптары, мөлшері және тәртібі «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға сыйақы және өтемақы төлеу қағидаларында белгіленген.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры К.С. Мусаеваға төленетін сыйақының мөлшері Жалғыз акционердің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 2 шешімімен белгіленген

### **Директорлар кеңесінің хатшысы**

2018 жылғы 24 қыркүйектен бастап Қордың Директорлар кеңесінің хатшысы болып Қордың корпоративтік хатшысы А.А.Идилова тағайындалды, ол Директорлар кеңесінің хатшысы функцияларын осы уақытқа дейін орындайды.

### **Қордың Директорлар кеңесінің қызметі**

Қордың Директорлар кеңесінің қызметі Қордың Жарғысында, Қордың Директорлар кеңесі туралы ережеде, Қордың Корпоративтік басқару кодексінде реттелген.

Қордың Директорлар кеңесінің шешімдері Қордың Жарғысында, Қордың ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданады.

2019 жылы Қордың Директорлар кеңесі 19 отырыс өткізді, оның ішінде қатысу тәртібімен – 10, сырттай өткізу тәртібімен – 9. Күн тәртібінің 43 мәселесі қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданды.

Қордың Директорлар кеңесінің отырыстары мәселелерді қарау қажеттілігіне қарай, Директорлар кеңесінің 2019 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді.

Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарында стратегиялық, сондай-ақ Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін қызметтің ағымдағы мәселелері қаралды. Мәселелер және олар бойынша шешімдер тиісті хаттамаларда және Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарының шешімдерінде көрсетілген.

## **Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің 2019 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы туралы ақпарат**

2019 жылы Директорлар кеңесінің қатысумен өткен отырыстарына Қордың Директорлар кеңесінің барлық мүшелері қатысты. Күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беруге Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша мүдделілігі жоқ Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері қатысты. 2019 жылы Директорлар кеңесінің жабық отырыстары өткізілген жоқ.

### **Директорлар кеңесінің қабылданған шешімдері туралы акционерге хабарлау**

Жарғының талаптарына сәйкес Қордың Директорлар кеңесінің барлық шешімдері акционерге шешімдер қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарланды.

### **Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің 2019 жылғы қызметі туралы есеп**

Қордың Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 2 қазандағы №13 шешімімен Қорда мынадай комитеттер құрылды:

1. Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы беру, әлеуметтік мәселелерді қарау жөніндегі комитеті (*бұдан әрі – Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы беру, әлеуметтік мәселелер комитеті*).

2. Директорлар кеңесінің Аудиторлық комитеті (*бұдан әрі – Аудиторлық комитет*).

Комитеттер Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органдары болып табылады, олардың құзыретіне Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала зерделеу және зерделенген мәселелер бойынша тиісті ұсынымдар әзірлеу кіреді.

### **Комитеттердің құрамы**

Комитеттердің құрамы Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 13 шешімімен айқындалды, оған мыналар кіреді:

#### **Комитеттердің Төрағасы:**

Кульбану Серикхажиевна Мусаева, Қордың Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры.

#### **Комитеттердің мүшелері:**

- 1) Гульнара Уалиевна Киреева, Қордың Басқарма Төрағасының орынбасары;
- 2) Алмаз Кулмесханович Кудайбергенов, Қордың Басқарушы директоры – Бас бухгалтер.

2019 жылы комитеттердің құрамында өзгерістер болған жоқ.

### **Комитеттердің хатшысы**

Комитеттердің 2018 жылғы 23 қазандағы шешімімен комитеттердің хатшысы болып Қордың Корпоративтік хатшысы А.А. Идилова тағайындалды, ол комитеттердің функцияларын осы уақытқа дейін орындайды.

### **Комитеттердің қызметі**

Өз қызметінде комитеттер Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді.

2019 жылы комитеттердің қызметі мынадай құжаттармен реттелді:

1. Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже.
2. Комитеттердің 2019 жылға арналған жұмыс жоспарлары.

### **2019 жылы өткізілген Комитеттердің отырыстары туралы ақпарат:**

2019 жылы Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы беру, әлеуметтік мәселелер комитеті 7 отырыс өткізді, онда 9 мәселе қаралды.

Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы беру, әлеуметтік мәселелер комитетінің отырыстары қатысу нысанында комитеттің барлық мүшелерінің қатысуымен өткізілді. Шешімдер комитеттің барлық мүшелерінің мәселелерді алқалы және сараланған талқылауы негізінде қабылданды. Қабылданған шешімдер тиісінше ресімделді және комитеттің хатшысы оларды Стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақы беру, әлеуметтік мәселелер комитеті туралы ережеде белгіленген тәртіппен комитеттің мүшелеріне және Қордың мүдделі адамдарына жіберді.

Аудиторлық комитет 2019 жылы отырыстарды өткізген жоқ.

### **5.3. 2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ**

#### **Төраға:**

Даурен Абубакирович Мусиралиев (1977 жылы туылған)

2017 жылғы қыркүйектен бастап Қор Басқармасының Төрағасы лауазымын атқарды. Өртүрлі кезеңдерде «МЖЗҚ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-та, «Қазахинстрах» шетелдік сақтандыру жөніндегі компания» АҚ-та, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-та, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-та және басқа да компанияларда басшы қызметтерін атқарды.

#### **Төрағаның орынбасары:**

Гульнара Уалиевна Киреева (1977 жылы туылған)

2017 жылғы қыркүйектен бастап Қордың Басқарма Төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Өртүрлі уақытта Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-та, ҚР Ұлттық Банкінде басшы қызметтерін атқарды.

#### **Басқарушы директор – Бас бухгалтер:**

Алмаз Кулмесханович Кудайбергенов (1979 жылы туылған)

2017 жылғы қыркүйектен бастап Қордың Басқарушы директоры – Бас бухгалтер (Басқарма мүшесі) қызметін атқарды. Өртүрлі уақытта ҚР Ұлттық Банкінде, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та, «Қазахинстрах» АҚ-та, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-та басшы қызметтерін атқарды.

#### **Басқарма қызметінің нәтижелері**

Қордың ағымдағы қызметін басқаруды алқалы атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қордың басқа органдарының және лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған қызметтің кез келген мәселесі бойынша шешімдер қабылдайды.

2019 жылы Басқарманың 64 отырысы өткізілді, онда ҚР Ұлттық Банкі арқылы Жалғыз акционер Қор алдында қойған міндеттерді іске асыру мақсатында 131 мәселе бойынша, сондай-ақ оның ағымдағы қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылданды.

#### **Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі қағидаттары**

Қордың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етуге арналған:

- кәсіби кадрлар әлеуетін сақтап қалу;
- білікті қызметкерлерді барлық жауапкершілік деңгейлерінде ынталандыру;
- еңбекті бағалаудың нәтижесі негізінде әділ еңбекақы төлеуді қамтамасыз ету;
- Қордың міндеттері мен функцияларын орындауда қосқан үлесіне қарай қызметкерлерге сыйақы беру.

Қор Басқармасы Төрағасының, оның орынбасарларының лауазымды жалақысының мөлшерін Қордың Директорлар кеңесі белгілейді.

Басқарманың мүшелеріне бір жылдағы жұмысының қорытындысы бойынша сыйлықақының мөлшері (сыйлықақы коэффициенті) бағалаусыз Қордың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша және Жалғыз акционермен келісу бойынша белгіленеді.

## 5.4. ҚОРДЫҢ ІСКЕРЛІК ЭТИКАСЫ

Қордың Корпоративтік этика кодексі қызметкерлердің моральдік-адамгершілік бейнесін қалыптастыратын корпоративтік мәдениетті, мінез-құлық қағидаларын, іскерлік қасиеттерін қолдауға және тәрбиелеуге бағытталған. Қордың Корпоративтік этика кодексі Қор қызметкерлерінің келісілген және тиімді қызметі үшін бірыңғай өнегелі-құқықтық негізді қалыптастыруға жәрдемдесуге арналған.

Корпоративтік құндылықтар корпоративтік мәдениеттің негізі болып табылады, қызметкерлердің көзқарасы мен іс-әрекеттерінің бірлігін қалыптастырады, Қордың мақсаттарына тиімді қол жеткізуге жәрдемдеседі.

Қордың корпоративтік құндылықтары мыналар болып табылады:

- Біліктілік пен кәсібилік — өз мамандығын терең білу, қойылған міндеттерді уақтылы және сапалы орындау, кәсібилік білімін және дағдыларын үнемі жетілдіру;
- Жұмыс процестерін оңтайландыруда қызметкерлердің бастамашылдығы, белсенділігі, және өз бетінше жұмыс істеуі;
- Өзара сыйластық — жұмыста командалық рухтың болуы, қойылған міндеттерді шешу барысында сенімділік, мейірімділік және ынтымақтастық;
- Диалогқа ашық болу — ашық әрі адал ақпарат алмасу, бірлесіп оңтайлы шешім қабылдауға дайын болу;
- Ұқыптылық — Қордың активтері мен ресурстарын пайдалануға, өзінің жұмыс уақытына, басқа қызметкерлердің жұмыс уақытына жауапкершілікпен және ұқыптылықпен қарау;
- Имидж — Қор туралы жағымды пікір қалыптастыруға бағытталған тәсілдер мен стратегияларды пайдалану.

Қордың қызметкерлері корпоративтік этикеттің мынадай нормаларын ұстанады:

- өзінің кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Корпоративтік этика кодексінің нормаларын, этикалық стандарттар мен корпоративтік этиканың жалпы қабылданған нормаларын сақтау, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін және Қордың қызметіне жататын өзге де құжаттарды орындау;
- Қордың мүдделерін білдіру және қорғау, Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге өзінің еңбек үлесін қосу, өз жұмысының сапасы мен нәтижесіне дербес жауапкершілік атқару;
- Қордың және Жалғыз акционердің мүдделерінде қажетті қамқорлықпен және сақтықпен іс-қимыл жасай отырып, қайшылықтардан аулақ болып, кәсіби функцияларын саналы және адал орындау
- мәртебесіне және атқаратын қызметіне қарамастан Қордың осы Корпоративтік этика кодексінде белгіленген міндеттемелердің орындалуына жауапты болу.
- сыпайы және әдепті болу, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша трайбализм мен кемсітушілікке жол бермей, әріптестердің және басқа да адамдардың арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- қандай да болмасын өсекті (үшінші тұлғалардың дәйексіз деректеріне негізделген біреу туралы немесе бір нәрсе туралы қауесетті немесе Қордың басқа қызметкерлеріне қатысты қасақана дұрыс емес, әдейі ойлап шығарған мәліметтерді) таратпау;
- қарапайымдылық көрсету, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде мүдделілікті және қызмет бабын жеке мақсаттарға пайдалануды болдырмай, Қордың мүдделерін басшылыққа алу, Қордың материалдық/материалдық емес активтерін/игіліктерін иемденуді өрескел деп санау;
- белгіленген тәртіппен Қормен байланысты мәмілелердегі, шарттардағы, жобалардағы немесе өзге мәселелерге байланысты кез келген жеке коммерциялық немесе басқа мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы Қор басшылығына дереу хабарлауға;

- мемлекеттік және басқа да тілдерді, Қазақстан халқының дәстүрі мен әдет-ғұрпын құрметтеу;
- заңнаманың және Қордың ішкі құжаттарының талаптарында көзделген конфиденциалдылық нормаларын сақтай отырып, бір біріне дәйекті ақпаратты уақтылы ұсыну;
- Қордың басқа қызметкерлерінің жеке және кәсіби қасиеттерін олар болмаған кезде талқылауға болмайды;
- жасырын мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай да болмасын қастықтарға бастамашылдық жасамау, сондай-ақ оларға қатыспауға немесе қандай да өзге жолмен адамдарға айла-амал жасауға тырыспау;
- Қор қызметкері болып танысқан кезде еңбек шарты бойынша өзінің ресми лауазымын ғана көрсету.

## 5.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҮРУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Қорда мынадай құжаттар әзірленіп бекітілді:

1. Қордың Корпоративтік этика кодексі, онда Қордың негізгі корпоративтік құндылықтар – біліктілік пен кәсібилік, бастамашылдық, өзара сыйластық, диалогке ашық болу, ұқыптылық және имидж, сондай-ақ басқару рәсімдері мен мүдделер қайшылықтарын болдырмау қағидаттары бекітілді;

2. Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар шеңберінде Қордың корпоративті интернет-ресурсында Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтары мәселелері және Қордың қызметкерлерінің немесе лауазымды адамдарының заңсыз іс-қимылдары фактілері бойынша жедел желі ұйымдастырылды.



## **VI. ҚОРДЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ**

Қордың ішкі бақылау жүйесі күнделікті қызметке кіріктірілген, Директорлар кеңесі, алқалы органдар, қордың құрылымдық бөлімшелері және барлық қызметкерлері өзінің міндеттерін атқарған кезде жүзеге асыратын және тәуекелдерді басқарудың тиімділігін қоса алғанда, қызметтің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған процесті білдіреді. Тәуекелдерді басқару Қордың корпоративтік басқару жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Жүйелік тәуекел-менеджментін енгізудің басымдықтарына мыналар кіреді:

- тәуекелдерді болжамдау мүмкіндігі және жағымсыз әсерді барынша азайту, сондай-ақ Қорды дамыту бойынша мүмкіндіктерді пайдалану бойынша уақтылы шаралар қабылдау мүмкіндігі;

- ағымдағы уақытта тәуекелдердің жиынтығындағы әсері, сыни тәуекелдер туралы және Қордың оны қалай басқара алатыны туралы ақпараттың болуы;

- тәуекелдердің әсерінен бизнес-жоспардың негізгі көрсеткіштерінің ауытқуларының болу ықтималдығы және ықтимал ауытқулардың шамаларын түсіну;

- тәуекелдерді талдау негізінде белгісіздік жағдайында басқарушылық шешімдерді уақтылы қабылдау мүмкіндігі;

- ресурстарды басымдығы жоғары салаларға бөле отырып, ресурстарды бөлуді оңтайландыру мүмкіндігі;

- әртүрлі қауіптерге Қор қызметінің тұрақтылығын арттыру.

Қордағы тәуекелдерді басқару тұрақты, үзіліссіз процес болып табылады және алқалы уәкілетті органдарды, Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерін қатыстыра отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.

Қор тәуекелді бағалауға консервативтік немесе объективтік тәсілді қолданады, ол тәуекелдерді бағалау үшін әртүрлі дереккөздерден деректер болған кезде есепке ең төменгі немесе объективті негізделген баға, рейтинг және/немесе болжам алынатынын болжайды.

Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесін (бұдан әрі – КТБЖ) құру кезінде Қор 3 қорғау жолын қарастырады:

- 1) 1-ші жолын – жауапкершілігіне тәуекелдердің туындауына және іске асырылуына апаруы мүмкін бұзушылықтар (кемшіліктер, оқиғалар, мәмілелер) туралы ақпаратты екінші қорғау жолына уақтылы жеткізу кіретін Қордың барлық қызметкерлері мен бөлімшелері қамтамасыз етеді. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары құзыреті шеңберінде бөлімшеде тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, оның ішінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты болады.

- 2) 2-ші жолын – жүзеге асырылған, сондай-ақ әлеуетті тәуекелдерді бағалауға, мониторинг жүргізуге, барынша азайтуға тәуекелдер бөлімшесі мен заң бөлімшесі, функционалдық жауапкершілігі шегінде жауапты болады.

- 3) 3-ші жолы – аудиторлық тексерулердің нәтижелерін пайдалана отырып, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау түрінде немесе ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін жеке бағалау түрінде ішкі аудит қамтамасыз етеді.

Қордың тәуекелдерін басқарудың бірыңғай тәсілін жасау мақсатында әзірленген, тәуекелдердің негізгі түрлерін және оларды басқару жүйесін сипаттайтын Тәуекелдерді басқару саясаты қабылданды. Саясат КТБЖ жоғары деңгейі болып табылады және мыналарды:

- 1) КТБЖ құрудың негіздерін;

- 2) КТБЖ мақсаттары мен міндеттерін;

- 3) Қор тәуекелдерінің жіктелімін;

- 4) Қор тәуекелдерін басқарудың жалпы тәсілдерін айқындайды.

Қордың тәуекел-менеджменті саласындағы басқару жүйесі Қор қызметінің сипатына және ауқымына, ол қабылдайтын тәуекелдердің бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ бұдан әрі дамуының қажеттіліктеріне жауап беретін біртұтас жүйені құруға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің стратегиялық мақсаттары тәуекелдерді уақтылы анықтауға, барлық факторларды сапалы бағалауға және ықтимал әсерді барынша азайту мақсатында кешенді іс-қимыл жасауға негізделіп құрылады.

## **1. Қаржылық тәуекелдер**

Қор пайыздық тәуекелді сыйақы мөлшерлемелерінің қолайсыз өзгеруі салдарынан шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі ретінде айқындайды, оған мыналар:

– Қордың орналастырылған активтерінің және тартылған міндеттемелерінің (тіркелген сыйақы мөлшерлемелері болған кезде) қайтару және өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуінен шығыстардың (шығындардың) пайда болуы тәуекелі;

– Қордың активтері бойынша бір жағынан және міндеттемелері бойынша екінші жағынан Қордың түрлі мөлшерлемелерді (құбылмалы не тіркелген) қолдануы салдарынан шығыстардың (шығындардың) пайда болуы тәуекелі;

– өзге тең жағдайларда ұқсас баға сипаттамасы болатын бірқатар құралдар бойынша алынатын және төленетін сыйақыны есептеу мен түзетудің түрлі әдістерін қолдануға байланысты базистік тәуекел кіреді.

Пайыздық тәуекелдің деңгейін басқару нақты жағдайға байланысты Қор қызметінің нақты стратегиясын әзірлеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Өтімділік тәуекелі теңгерілмеген өтімділік тәуекелі, жеткіліксіз немесе артық өтімділік тәуекелі ретінде айқындалған. Өтімділік тәуекелін басқару тәуекел деңгейін бақылау және шектеу болып табылады. Өтімділік тәуекелінің деңгейін бақылау және шектеу мынадай құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады:

- өтімділік резервтерінің лимитін белгілеу және бақылау;
- өтімділіктің ішкі нормативтерін (коэффициенттерін) белгілеу және бақылау;
- бірнеше бақылау уақыт аралықтарының коэффициенттерін белгілеу;
- өтімділік тапшылығының болжамын әзірлеу, сақтау.

## **2. Кредиттік тәуекелдер**

Кредиттік тәуекел активтің құнының азаюы, оның ішінде кредит бойынша қамтамасыз етуді сатудан түскен ақша ағындарын бағалауды ескергендегі азаюы нәтижесінде біраз уақыт кезеңі ішінде белгілі ықтималдығымен орын алуы мүмкін, барынша күтілетін шығын болып табылады.

## **3. Операциялық тәуекелдер**

Операциялық тәуекел барабар емес немесе қате ішкі процестердің, Қор қызметкерлерінің және бөлімшелерінің іс-әрекеттерінің немесе сыртқы оқиғалардың салдарынан болған тікелей немесе жанама жоғалтулар тәуекелі деп айқындалады. Операциялық тәуекел Қор қызметінің түрлерін жүзеге асыру процестерінің бұзушылықтарына, сенімді ішкі бақылаудың, басқарудың болмауына немесе қызмет түрін жүзеге асырудың қандай да бір технологиясының тиімсіздігіне (әдістемелік қателігіне) байланысты болады.

Қызметкердің қызметіне объективтік түрде байланысты емес оқиғаларға байланысты туындайтын тәуекелдер бөлігінде – ағымдағы сәтте қызметкердің іс-қимылдарына тікелей немесе жанама байланысты тәуекелдер бойынша операциялық тәуекелдердің негізгі индикаторлары және Тәуекелдер картасы бекітілді. Қордағы операциялық тәуекелдерді басқару бойынша негізгі іс-шаралар мыналар болып табылады:

- операциялық тәуекелдер көздерінің санаттарын сәйкестендіру және бағалау;
- процестер мен операциялардың каталогын жасау;

- операциялық тәуекелдердің қандай да бір санаттарының көрінуін сәйкестендіру және нақты процестер мен операциялардағы олардың деңгейін бағалау;
- тәуекелдің сыни аумақтарын (немесе тәуекелдер деңгейі жоғары операциялар топтарын) анықтау;
- анықталған сыни аумақтарын шектеу және бейтараптандыру бойынша іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
- операциялық тәуекелдің анықталған стандартты түрлерін бақылау құралдарын енгізу, процестер мен технологиялардың жекелеген элементтерінің сенімділігін арттыру;
- жүзеге асырылатын бизнес-процестерді оңтайландыру мақсатында құжат айналымын, ақпарат ағындарын, функцияларды, өкілеттіктерді және жауапкершілікті бөлуді қамтитын ұйымдық қайта құру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- операциялық тәуекелді ішкі бақылау жүйесін жетілдіру;
- Қорды басқарудың барлық деңгейлерінде тәуекелі-мәдениетін дамыту.

#### **4. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері мен ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару**

Қорда ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін (бұдан әрі – АҚБЖ) құрудың негізгі мақсаты ақпараттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін оқиғаны болдырмау немесе оның салдарын барынша төмендету арқылы осы оқиғалардан болатын зиянды барынша азайту болып табылады.

Қор АҚБЖ мынадай негізгі міндеттерін айқындайды:

- Қордың ақпараттық ресурстарының қауіпсіздігіне төнетін қауіптерді, қаржылық, материалдық және моральді зиян келтіруге ықпал ететін, оның қалыпты жұмыс істеуі мен дамуының бұзылуына апаратын себептер мен жағдайларды болжамдау және уақтылы анықтау;
- ақпараттық ресурстардың қауіпсіздігіне төнетін қауіптердің іске асырылуының және зиян келтірудің барынша төмен ықтималымен жұмыс істеу үшін жағдай жасау;
- ақпараттық қауіпсіздікке төнген қауіпке және Қордың жұмыс істеуінде жағымсыз үрдістердің көрінуіне жедел жауап қату тетігін құру және жағдайлар жасау;
- ақпаратты жария ету (тарату) бойынша жеке және заңды тұлғалардың заңсыз әрекеттерімен келтірген зиянды мүмкіндігінше өтеуге және оқшаулауға жағдай жасау.

#### **5. Қызметтің үздіксіздігін басқару**


Қорда сыни бизнес-процестер қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мынадай жолмен жүзеге асырылады:

- 1) сыни бизнес-процестерінің тізбесін қалыптастыру;
- 2) Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын және Апаттық қалпына келтіру жоспарын әзірлеу және жаңартылған күйде ұстау;
- 3) қақтығыстардың және төтенше жағдайлардың іске асырылуы жағдайында Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларының және Апаттық қалпына келтіру жоспарының дайын болуын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар өткізу;
- 4) Қордың қызметкерлерін Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары және Апаттық қалпына келтіру жоспары бойынша оқыту;
- 5) Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларының және Апаттық қалпына келтіру жоспарының дайын болуын тестілеу жүргізу арқылы тексеру, сондай-ақ жауапты бөлімшелердің/қызметкерлердің қақтығыстардың және төтенше жағдайлардың іске асырылуына дайын болуын тексеру.

## VII. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда мынадай құрылым болды:

6



2019 жылғы 31 желтоқсанда Қор қызметкерлерінің нақты саны:

	<b>Қор - 35 адам</b>
<b>Оның ішінде мынадай білімі бар:</b>	
– жоғары білімі	35
– магистр дәрежесі	6
– ғылым кандидаты дәрежесі	1
– ғылым докторы дәрежесі	
– шетелдік білім орындарында білім алған	4
<b>Жыныстық белгісі бойынша:</b>	
– ер қызметкерлер	21
– әйел қызметкерлер	14
<b>Қызметкерлердің орташа жасы:</b>	
	<b>36,4 жас</b>
– 20 - 29 жаста	7 қызметкер
– 30 – 39 жастар	13 қызметкерлер
– 40 - 49 жаста	13 қызметкер
– 50 - 59 жаста	2 қызметкер

<p><b>Кадрларды жұмысқа қабылдау/жұмыстан шығару/кадрлардың тұрақтамауы жөніндегі ақпарат</b></p>	<p>2019 жылы 8 қызметкер қабылданды, 1 қызметкер шығарылды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмысқа қабылданған қызметкерлердің пайызы нақты санның - 22,8% құрады. Тұрақтамау коэффициенті - 2,8% болды. 3 жасқа толғанға дейін бала күтіміне байланысты еңбекақы сақталмайтын демалысты ресімдеген қызметкерлер: ерлер - 0, әйелдер - 0.</p>
---	---

Қызметкерлердің біліктілігі деңгейін арттыру үшін Қорда мыналар қарастырылды:

- жүктелген міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті қызметкерлердің негізгі біліктілігін дамытуға бағытталған ішкі оқыту;
- кәсіби білімдерін арттыруға және жетілдіруге бағытталған сыртқы оқыту.

Қор қызметкерлері жалақысының мөлшері жүктелген лауазымдық міндеттеріне, жауапкершілік деңгейіне, біліктілігіне және қажетті білімдеріне қарай белгіленеді.

Қызметкерлерге берілетін әлеуметтік қоржынға мыналар кіреді:

- жеке жұмысының нәтижесі бойынша ай сайын сыйлықақы беру;
- қызметінің нәтижелері бойынша жылдық сыйлықақы беру;
- жылсайынғы ақы төленетін еңбек демалысы күнтізбелік 30 күнді құрайды;
- ерікті медициналық сақтандыру.

Бұл талаптар еңбек шартының мерзіміне, жұмысбастылық нысандарына қарамастан барлық қызметкерлерге қолданылады.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек шартының, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша қызметкердің (қызметкерлердің) және жұмыс берушінің арасындағы ықтимал келіспеушіліктерді шешу үшін қызметкерлердің өкілдері сайланды, келісу комиссиясы жұмыс істейді.

## VIII. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қор өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде экологиялық жағдайға айтарлықтай әсер етпейді, бірақ Қор өзі ықпал ете алатын салада қоршаған ортаны қорғауға бағыттап, барынша күшін салады.

Қор ауа, су ортасына және жерге өз қызметінің жағымсыз салдарын төмендету бойынша бір қатар іс-шаралар өткізеді және мүмкіндіктер болған жағдайда және экономикалық тұрғыдан орынды болған кезде ресурстарды үнемді пайдалануға тырысады.

Мынадай іс-шаралар өткізіледі:

- қайта өңделуі адам үшін және қоршаған ортаға қауіпсіз болған кезде энергия үнемдейтін жабдықты, лампаларды және басқа да шешімдерді пайдалану;
- сертификатталған («жасыл») жабдықты ғана пайдалану қағидатын сақтау;
- принтерлерге және көшіру-көбейту машиналарына арналған картридждерді қайта толтыруды (жаңасын пайдаланудың орнына) пайдалану не оларды қайта толтыру мақсатында өткізу;
- сертификатталған қағазды (мысалы, FSC) және хлорсыз, TCF (хлорсыз ағарту) және ECF технологиясы бойынша жасалған қағазды пайдалану;
- офистерде сертификатталған, қоршаған ортаға мейлінше аз зиян келтіретін кондиционерлерді ғана орнату;
- отынды үнемді пайдалануды және атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың төмен деңгейін қоса алғанда, қоршаған ортаға әсері аз көлікті пайдалану;
- Қорға тиесілі барлық көлік құралдарды тиісінше және уақтылы техникалық қараудан өткізу, сондай-ақ жалға алынған көліктің экологиялық нормаларды сақтауын тексеру;
- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды басқару: төтенше жағдайлардың жағымсыз салдарын болдырмау бойынша тиісті іс-шараларды әзірлеу және дайындау.

## ІХ. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

### Қордың қаржылық жағдайы туралы есеп

мың теңгемен	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
<b>АКТИВТЕР</b>		
Ақша қаражаты және оның баламалары	278,564,324	226,103,910
Пайда шығын арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтер	311,856,061	251,292,929
Амортизацияланған құн бойынша инвестициялар	629,121,350	390,907,638
Салымдар	68,409,973	48,846,409
Кейінге қалдырылған салық активтері	248,595,574	114,138,993
Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер	62,043	53,824
Басқа да активтер	37,190	5,363
<b>Барлығы активтер</b>	<b>1,536,646,515</b>	<b>1,031,349,066</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
Басқа да міндеттемелер	179,350	2,320,560
<b>Барлығы міндеттемелер</b>	<b>179,350</b>	<b>2,320,560</b>
<b>КАПИТАЛ</b>		
Акционерлік капитал	2,553,115,990	1,471,597,590
Қосымша төленген капитал	158	158
Жинақталған шығын	(1,016,648,983)	(442,569,242)
<b>Барлығы капитал</b>	<b>1,536,467,165</b>	<b>1,029,028,506</b>
<b>Барлығы міндеттемелер мен капитал</b>	<b>1,536,646,515</b>	<b>1,031,349,066</b>

**Қордың басқа да жиынтық кірісіндегі пайда немесе шығын туралы есеп**

мың теңгемен	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген пайыздық кіріс	108,429,756	15,970,409
Басқа да пайыздық кірістер	29,533,190	42,598,717
<b>Пайыздық кірістердің жиыны</b>	<b>137,962,946</b>	<b>58,569,126</b>
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді қалыптастыруға шығыстар	(159,943,473)	(2,121,054)
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтердің әділ құнының өзгеруінен таза кіріс	68,117,673	31,921,753
Қызметкерлерге шығыстар	(486,568)	(415,020)
Басқа да жалпышаруашылық және әкімшілік шығыстар	(139,010)	(89,251)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза шығын	(92)	(78)
Басқа да кіріс	5	19,293
<b>Табыс салығы шегерілгенге дейінгі пайда</b>	<b>45,511,481</b>	<b>87,884,769</b>
Табыс салығы бойынша шығыс	(17,776,340)	(12,257,302)
<b>Бір жылдағы таза пайда</b>	<b>27,735,141</b>	<b>75,627,467</b>
<b>Басқа да жиынтық кіріс</b>		
Бір жылдағы басқа да жиынтық кіріс	-	-
<b>Барлығы бір жылдағы жиынтық кіріс</b>	<b>27,735,141</b>	<b>75,627,467</b>



**Қордың меншікті капиталындағы 2018 жылдағы өзгерістер туралы есеп**

мың теңгемен	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Жинақталған шығын	Барлығы капитал
<b>2017 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>941,597,590</b>	<b>-</b>	<b>(495,087,697)</b>	<b>446,509,893</b>
<b>Тікелей капитал құрамында көрсетілген меншік иелерімен операциялар</b>				
Жай акциялар шығару	530,000,000	-	-	<b>530,000,000</b>
Қосымша төленген капитал	-	158	-	<b>158</b>
«Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тан цессия шарты бойынша алынған, 11,265,083 мың теңге мөлшеріндегі салықтар шегерілген активтер	-	-	84,939,669	<b>84,939,669</b>
Салымдарды бастапқы тану кезінде танылған, 6,443,046 мың теңге мөлшеріндегі салықтар шегерілген дисконт	-	-	(25,772,185)	<b>(25,772,185)</b>
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтерді және амортизацияланған құн бойынша инвестицияларды бастапқы тану кезінде танылған, 20,569,124 мың теңге мөлшеріндегі салықтар шегерілген дисконт	-	-	(82,276,496)	<b>(82,276,496)</b>
<b>Барлығы меншік иелерімен операциялар</b>	<b>530,000,000</b>	<b>158</b>	<b>(23,109,012)</b>	<b>506,891,146</b>
Жиыны жиынтық кіріс	-	-	75,627,467	<b>75,627,467</b>
<b>2018 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>1,471,597,590</b>	<b>158</b>	<b>(442,569,242)</b>	<b>1,029,028,506</b>

**Қордың меншікті капиталындағы 2019 жылдағы өзгерістер туралы есеп**

мың теңгемен	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Жинақталған шығын	Барлығы капитал
<b>2018 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>1,471,597,590</b>	<b>158</b>	<b>(442,569,242)</b>	<b>1,029,028,506</b>
<b>Тікелей капитал құрамында көрсетілген меншік иелерімен операциялар</b>				
Жай акциялар шығару	1,081,518,400	-	-	<b>1,081,518,400</b>
Салымдарды бастапқы тану кезінде танылған, 5,460,452 мың теңге мөлшеріндегі салықтар шегерілген дисконт	-	-	(26,981,491)	<b>(26,981,491)</b>
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қаржылық активтерді және амортизацияланған құн бойынша инвестицияларды бастапқы тану кезінде танылған, 148,936,561 мың теңге мөлшеріндегі салықтар шегерілген дисконт	-	-	(574,833,391)	<b>(574,833,391)</b>
<b>Барлығы меншік иелерімен операциялар</b>	<b>1,081,518,400</b>	-	<b>(601,814,882)</b>	<b>479,703,518</b>
Жиыны жиынтық кіріс	-	-	27,735,141	<b>27,735,141</b>
<b>2019 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2,553,115,990</b>	<b>158</b>	<b>(1,016,648,983)</b>	<b>1,536,467,165</b>

## Қордың ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

мың теңгемен	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Алынған сыйақылар	32,252,052	27,646,519
Қызметкерлерге төленген сыйақылар	(469,784)	(300,689)
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша көрсетілген қаржылық активтер бойынша төлемдер	(3,165,142)	(2,600,771)
Басқа да төленген шығыстар	(148,182)	(76,254)
Пайдаға салынған төленген салық	(842)	(1,801)
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза келуі</b>	<b>28,468,102</b>	<b>24,667,004</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Инвестицияларды амортизацияланған құн бойынша сатып алу	(1,020,183,681)	(457,499,970)
Амортизациялық құн бойынша инвестицияларды өтеуден түсімдер	2,314,182	1,348,209
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерін сатып алу	(593,861)	(33,700,000)
Қаражатты депозиттерге орналастыру	(39,882,694)	(29,972,546)
Депозиттер бойынша төлемдер	838,769	
«Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тан алынған қаражат	-	24,156,044
Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді сатып алу	(18,803)	(58,011)
<b>Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза әкетілуі</b>	<b>(1,057,526,088)</b>	<b>(495,726,274)</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>		
Жай акцияларының эмиссиясынан түсімдер	1,081,518,400	530,000,000
<b>Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза келуі</b>	<b>1,081,518,400</b>	<b>530,000,000</b>
Шетел валютасының бағымы өзгеруінің шетел валютасындағы ақша қаражатының қалдығына әсері	-	118
<b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза ұлғаюы</b>	<b>52,460,414</b>	<b>58,938,771</b>
<b>Жыл басындағы ақша қаражаты</b>	<b>226,103,910</b>	<b>167,163,180</b>
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты</b>	<b>278,564,324</b>	<b>226,103,910</b>

## **X. ҚОРДЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ/ОРЫНДАЛМАУЫ ТУРАЛЫ 2019 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП**

Қордың корпоративтік басқару кодексінің 14-тармағына сәйкес мыналар түбегейлі қағидаттар болып табылады:

- 1) өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;
- 2) акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- 3) Директорлар кеңесінің және Басқарманың Қорды тиімді басқаруы қағидаты;
- 4) орнықты даму қағидаты;
- 5) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен аудит қағидаты;
- 6) корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қайшылығын реттеу қағидаты;
- 7) Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындылығы мен объективтігі қағидаты.

Қор Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің көпшілігін сақтайды. Төменде Қорда сақталатын не ішінара сақталмайтын Қордың Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері туралы ақпарат көрсетілген.

### **1. Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты – Қорда сақталады.**

Қордың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- 1) екінші деңгейдегі банктерге қаржылық қолдау көрсету арқылы банк секторының қаржылық тұрақтылығына жәрдемдесу;
- 2) ипотекалық тұрғын үй қарыздарының, жалдамалы тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруды қамтамасыз етуге қатысу;
- 3) ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру тетігін іске асыруға қатысу;
- 4) басым жобаларды кредиттеу тетігіне қатысу;
- 5) Қазақстан Республикасы азаматтарының борыштық жүктемесін төмендету бойынша шараларды іске асыруға қатысу.

Қордың органдары:

- 1) жоғары орган – Акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма.

Қордың Жалғыз құрылтайшысы және акционері ҚР Ұлттық Банкі болып табылады.

Директорлар кеңесі Қордың қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады.

Қордың ағымдағы қызметін Қордың Басқармасы жүзеге асырады.

Қордың Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесі мен Басқармасының құқықтары, міндеттері мен құзыреті анық бөлінген және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында, Қордың Директорлар кеңесі және Басқармасы туралы ережелерде айқындалады.

ҚР Ұлттық Банкі, Жалғыз акционер ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында көзделген Жалғыз акционердің өкілеттіктерін іске асыру және Қордың Директорлар кеңесінде өкілдік ету арқылы Қорды басқаруға қатысады.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің атынан өкіл ретінде 2020 жылғы 28 қаңтарға дейін Олжас Толегенович Кизатов – ҚР Ұлттық Банкінің Банктік реттеу департаментінің директоры кірді.

Қорда оның тиісті органдарының мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясы сақталады, Қор органдарының, лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің арасында өкілеттіктер және жауапкершілік бөлінген.

Қор органдары шешімдерді өздеріне берілген құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың Жарғысына сәйкес қабылдайды.

## **2. Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты – Қорда сақталады.**

Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыру Қордың Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді белгіленген тәртіппен осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар Жалғыз акционердің лауазымды адамы қабылдайды.

Жалғыз акционердің барлық шешімдері жазбаша түрде ресімделеді.

Қордың қызметі туралы ақпарат, оның ішінде Қордың қаржылық және өзге де есептілігі Жалғыз акционерге уақтылы ұсынылады.

Қор тоқсан сайынғы негізде Жалғыз акционерге оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді жібереді.

Жалғыз акционердің сұратуларына жауаптар Қордың Жарғысында немесе тиісті сұратумен белгіленген мерзімде ұсынылады.

Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер міндетті түрде олар қабылданған күннен бастап 5(бес) жұмыс күні ішінде Жалғыз акционерге мәлімет үшін жіберіледі.

## **3. Директорлар кеңесінің және Қордың Қорды тиімді басқаруы қағидаты – жалпы алғанда Қорда сақталады.**

1) Корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 9 шешімімен Қор Басқармасына Қордың жауапты бөлімшелерін, қызметкерлерін және орындау мерзімдерін көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлеу тапсырылды. Директорлар кеңесінің аталған шешімін орындау мақсатында Қор Басқармасы 2019 жылғы 14 қарашада Қорда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) бекітті. Жоспар бойынша кейбір іс-шараларды 2019 жылдың аяғына дейін, басқаларды – 2020 жылы орындау жоспарланды.

2019 жыл есепті кезең болып табылатындықтан, төменде Жоспарда 2019 жылы орындауға көзделген іс-шаралардың орындалуы/ орындалмауы туралы ақпарат көрсетілген.

Жоспарға сәйкес 2019 жылы мыналар:

- Директорлар кеңесінің 2019 жылдың аяғына дейін және 2020 жылға арналған жұмыс жоспары қалыптастырылды және бекітілді;
- Басқарманың 2019 жылдың аяғына дейін және 2020 жылға арналған жұмыс жоспары қалыптастырылды және бекітілді;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулығы әзірленіп бекітілді;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының операциялық тәуекелдерін басқару қағидалары бекітілді;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының қаржылық тәуекелдерін басқару қағидалары бекітілді;
- 2019 жылғы 2 және 3-тоқсандағы тәуекелдер бойынша есептер бекітілді;
- Тәуекелдер бойынша құжаттар топтамасы (Қордың тәуекел тәбеттің жалпы деңгейі, тәуекелдердің негізгі индикаторлары, тәуекелдер тіркелімі, тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары және тәуекелдер картасы) әзірленді және бекітілді;
- Қордың тәуекел-менеджерлері Қордың құрылымдық бөлімшелерінің тәуекел-үйлестірушілеріне оқыту семинарын өткізді;
- Қордың тәуекел-менеджерлері тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бойынша қызметкерлерге тестілеу жүргізді;

– Қордың корпоративтік интернет-ресурсында Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтары және Қордың қызметкерлерінің және лауазымды адамдарының заңсыз іс-қимылдары фактілері бойынша жедел желі ұйымдастырылды.

Жоспар бойынша кадрлық резерв пулын қалыптастыру бөлігінде бір іс-шара орындалмады, себебі осы іс-шараны орындау Қорды қайта құру аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрды.

Жоспарда көзделген өзге іс-шаралардың орындалуы 2020 жылы жоспарланған.

2) Төрағаның және Басқарма мүшелерінің 2019 жылға арналған жекелеген мотивациялық ҚНҚ (қызметтің негізгі көрсеткіштері) Қордың Директорлар кеңесі бекіткен жоқ, себебі Қордың жалпы мақсаттары мен міндеттері, қаржылық-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері және Қор қызметінің негізгі көрсеткіштері Қорды дамытудың 2017-2021 жылдарына арналған жоспарында айқындалған.

#### **4. Орнықты даму қағидаты – Жалпы алғанда Қорда сақталады.**

Дегенмен, Қорда орнықты даму саласында (әлеуметтік және экономика салаларында) тәуекелдерді сәйкестендіру тәртібі реттелмеген. Қорда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес бұл іс-шара 2020 жылы орындауға жоспарланған.

#### **5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты – жалпы алғанда Қорда сақталады.**

Дегенмен, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін талдау Қорда жүргізілген жоқ. Қорда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес бұл іс-шара 2020 жылы орындауға жоспарланған.

#### **6. Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қайшылықтарын реттеу қағидаты – Қорда сақталады.**

Қордың Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері Қордың қызметкерлерімен бірдей өздерінің кәсіби функцияларын адал және саналы, Жалғыз акционердің және Қордың мүдделерінде тиісті қамқорлықпен және сақтықпен, қайшылықтарға жоламай орындайды.

Қорда мынадай ішкі құжаттар қабылданды және қолданылады:

- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік қақтығыстарды реттеу саясаты;
- Қордың корпоративтік этика кодексі.

Есепті кезеңде Қорда корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қайшылықтары жағдайлары тіркелмеген.

#### **7. Қордың қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындылығы мен объективтігі қағидаты Қорда сақталады.**

Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында, Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты уақтылы және дәйекті ашады.

Қорда мынадай ішкі құжаттар қабылданған және қолданылады:

- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының ақпаратты ашу қағидалары;
- «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының қызметтік және коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық.

Қордың Басқарма Төрағасының бұйрығымен Қордың корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылатын ақпараттың тізбесі және Қордың интернет-ресурсында орналастыруға ақпаратты беруге жауап беретін жауапты адамдар (Қордың құрылымдық бөлімшелері, қызметкерлері) белгіленді.

Ақпарат Жалғыз акционерге мәлімет үшін жіберіледі, Қордың корпоративтік интернет-ресурсында, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланады.

## БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

### Қор

Заңды мекенжайы: A25D6H8, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 136,  
Нақты мекенжайы: A26A4K6, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Луганский көшесі, 96

Кеңсе\Қабылдау бөлмесі +7 (727) 277-20-25 (ішкі т.7300)

[info@kfu.kz](mailto:info@kfu.kz)

### Бірыңғай CALL CENTER (тәулік бойы):

+7 (727)-22-7-20-25

Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтары мәселелері және «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ қызметкерлерінің немесе лауазымды адамдарының заңсыз іс-қимылдары фактілері бойынша:

+7(727) 344-27-44 (ішкі т. 7407) «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ ішкі аудиторы  
Алмас Мауытхан.